ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 қаңтар №2301-23-00-2/2692 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Миллиард» - Даулет Габитович Жалмуханов,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі З.Ғ.Ғабдол,
жауапкер өкілі Д.Г.Жалмуханов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 10 қазанда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №124 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен кейін, 25 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 04 қарашаға дейін талап қоюшыға «стадионға арналған орындық» түріндегі тауарды жеткізуге міндеттенген.

Алайда, жауапкер талап қоюшыға 12.10.2023 жылғы жазбаша хатында аталған тауардың құны қымбаттағанын көрсетіп, шартты екі жақты келісім бойынша бұзуды ұсынған.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, қажетті тауардың уақытылы жеткізбеуі салдарынан жағымсыз салдар бар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талаппен келіспей, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті тауарды жеткізген жоқ. Тапсырыс беруші шарт жасаған кезде қол жеткізуге үміт артқан тауарды ала алмауы түріндегі жағымсыз салдар орын алған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 06 қарашада жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 17.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 19.02.2024
2301-23-3-1/3187

үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Талап қоюшы тауарды жеткізуге қатысты мерзімі өткен бір күн үшін 6 666 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Алайда, талап қоюшының бұл талабы істің мән-жайына сәйкес келмейді. Өйткені, жауапкер шартты одан әрі орындау мүмкін болмауына байланысты талап қоюшыға шартты екі жақты келісім бойынша бұзуды сұрап, түсіндірме хат жолдаған.

Шарттың 8.5 тармағына сай, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде өнім беруші шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

Талап қоюшымен жауапкердің ұсынысы қараусыз қалдырылған және жауапкер тарапынан міндеттемені орындаудан бас тартылды деген негізбен шарт біржақты бұзылған.

АК-нің 8-бабының 4-тармағына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс. Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.

Жоғарыдағылар негізінде, сот, әділеттілік пен ақылға сыйымдылық қағидатын басшылыққа алып, №2 талап қою қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Миллиард» - Даулет Габитович Жалмухановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Миллиард» - Даулет Габитович Жалмуханов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 17.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 19.02.2024

Жауапкер «Миллиард» - Даулет Габитович Жалмухановтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың басқа бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «19» ақпан 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 17.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 19.02.2024